

"1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 20 желтоқсан N 1334

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы хаттаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЗАҢЫ 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы хаттаманы бекіту туралы

2001 жылғы 22 мамырда Мәскеу қаласында жасалған 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы хаттама бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумағынан шығарылатын және үшінші елдерге әкетілетін тауарлардың кері экспортын кедендік бақылау туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

1994 жылғы 15 сәуірдегі Тауарлардың кері экспорты және кері экспортқа рұқсат берудің тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім деп аталады) ережелеріне сүйене отырып, 1995 жылғы 6 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының арасындағы Кеден одағы туралы келісімді, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімді, 1996 жылғы 29 наурыздағы Қырғыз Республикасының Кеден одағы туралы келісімдерге қосылуы туралы шартты, 1999 жылғы 26 ақпандағы Тәжікстан Республикасының Кеден одағы туралы келісімдерге қосылуы туралы шартты негізге а л а о т ы р ы п ,

бір біріне сыртқы экономикалық қызмет саласындағы өзара мүдделерді қамтамасыз етуде және қорғауда жәрдемдесуге ниет білдіре отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін Келісімде және 1995 жылғы 10 ақпандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кедендік заңдарының негіздерінде белгіленген мәндердегі негізгі ұғымдар пайдаланылады.

Жасырын кері экспорт ретінде Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағынан Тараптар кері экспорты тек тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсат болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізіміне енгізілген, Тараптардың бірінің мемлекетінің кедендік аумағынан шығарылатын және Тараптар мемлекеттерінің аумағынан тыс жерлерге экспортшы елдің аумағына еркін айналым үшін шығарылған т а у а р л а р д ы ә к е т у ұ ғ ы л а д ы .

Тауарлардың шығарылған елі, егер тауар мұндай тауарды экспорттаушылар/импорттаушылар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттің резиденттері болып табылатындығы-табылмайтындығына қарамастан көрсетілген Ережелермен белгіленген шығарудың өлшемдеріне сәйкес келетін болса Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкіметтерінің басшылары Кеңесінің 2000 жылғы 30 қарашадағы шешімімен бекітілген Тауарлардың шығарылған елін айқындаудың ережелеріне сәйкес айқындалады.

2-бап

Тараптар кері экспорты тек тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсат болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізіміне енгізген тауарларды

Тараптар мемлекеттерінің шегінен тыс жерлерге әкету кезіндегі жасырын кері экспортқа қатысты Келісімде кері экспорт үшін белгіленген тәртіп қолданылатын болады.

3-бап

Т а р а п т а р б і р - б і р і н е :

тауарлардың кері экспорты мәселелері бойынша қажетті құжаттарға қол қоюға құқығы бар адамдардың мөрлері мен қолдарының үлгілерімен бірге өз елінің уәкілетті органының толық атауы мен мекен-жайын;

тауар шығарылған елдің уәкілетті органының кері экспорттауға рұқсат беруінің тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық кесімдерді ұсынатын болады.

4-бап

Кері экспорттауға рұқсат етілген тауарды әкетудің шекті мерзімі тауар шығарылған елдің уәкілетті органы кері экспорттауға рұқсат берген күннен бастап бір жылдан аспауы тиіс.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары кері экспорты тек тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсат болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізіміне енгізген әкетілетін тауарлардың шыққан тегін бақылайды.

6-бап

Кері экспорттаушы мемлекеттердің орталық кеден органдары тауарлар шығарылған елдің орталық кеден органдарына кері экспорттау Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдарының өзара келісімі бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті түрде ресімделген жазбаша рұқсат болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың іс-жүзінде әкетілгендігі туралы хабарлайды.

7-бап

Осы Хаттаманы түсіндіруге және қолдануға қатысты кез келген даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың арасындағы келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға жеке хаттамалармен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Хаттама оның мақсаты мен қағидаттарын бөлісетін, сондай-ақ ол бойынша өзіне толық көлемде міндеттемелер қабылдауға дайын Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің оған қосылу үшін ашық. Қосылу Тараптардың келісімімен, қосылатын мемлекетпен жеке Хаттамада айқындалатын шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

10-бап

Осы Хаттама Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарий Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша құлақтандыруды алған күннен бастап күшіне енеді.

Кез келген Тарап өзінің осы Хаттамаға сәйкес қабылдаған міндеттемелерін алдын ала реттеп, шығардан кем дегенде үш ай бұрын депозитарийге өзінің ниеті туралы жазбаша құлақтандыру жолдай отырып осы Хаттамадан шыға алады.

2001 жылғы 22 мамырда Мәскеу қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дананы оның расталған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін депозитарий сақтайды.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>